

**БЕКІТЕМІН:**

**«Дарын» ШҚ ДпҚББДҒӘО**

**директорының м.а.**

**К. Уразаева**

«    »      2024 ж.



**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңін ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары» (бұдан әрі - Қағидалар), Халықаралық Қағидалар (ISEF) талаптары, «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2022 жылғы 12 қазандағы бекітілген «Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсының Ережесі» негізінде әзірленген жалпы білім беретін пәндер бойынша зерттеу жобалары конкурсының облыстық кезеңін (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

Конкурстың мақсаты оқушылардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

Конкурстың міндеттері:

- 1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- 2) ең талантты және дарынды зерттеушілерді іріктеу және қолдау;
- 3) оқушылардың үздік зерттеу жетістіктері мен өнертабыстарын көрсету және насихаттау;
- 4) оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту мәселелеріне қоғамның назарын аудару және ғылыми-зерттеу ресурстарын тарту.

2. Конкурстың 4 кезеңнен тұрады: мектепішілік, аудандық/қалалық, облыстық, республикалық.

3. Конкурсқа 16 секцияда 4 бағыт бойынша жұмыстар ұсынылады:

I бағыт «Ғылыми-техникалық прогресс экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде» - секциялар: физика; техника; Жер және ғарыш туралы ғылым.

II бағыт «Экономикалық және әлеуметтік үрдістерді математикалық модельдеу» - секциялар: математика; қолданбалы математика; информатика; экономика.

III бағыт «Салауатты табиғи орта – «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асырудың негізі» - секциялар: химия; биология; қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы.

IV бағыт «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар» - секциялар: тарих; өлкетану; этномәдениеттану; тіл білімі; адам және қоғам; әдебиет.